

14–18 Қыркүйек,
2020

КАСЕ ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ "First Heartland Jýsan Invest" АҚ "First Heartland Jýsan Invest" АҚ KZ2C00004430 (TSBNb33) және KZ2C00004463 (TSBNb36) облигациялары бойынша биржадағы маркет-мейкері мәртебесінен [бас тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында Еуразиялық даму банкі KZ2D00006939 облигацияларының сауда-саттықтары [ашылады](#).
- ▲ Еуразиялық даму банкі KZ2D00006939 (EABRb12) облигациялары [ОК МБҚ және ОК ҚРҰБ, Т+ тізімі және Т+ қамтамасыз ету тізіміне](#) енгізілді
- ▲ Шымкент облысының жергілікті атқарушы органының KZSJ00000069 (SHK024_006) облигациялары KASE ресми тізімінің "Мемлекеттік бағалы қағаздары" секторына [енгізілді](#)
- ▲ KASE "Тенгі Банк" АҚ сауда-саттыққа қатысудан шеттетті, оның биржада мүшелігін тоқтатты және банк акцияларымен сауда-саттықты [тоқтатты](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫНДА ЖАЗЫЛЫМ АЯСЫНДА "SINOASIA B&R (СИНОАЗИЯ БИЭНДАР)" САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ KZ1C00005388 (SABR) 8 500 ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫ БІР АКЦИЯҒА 16 200 ТЕҢГЕДЕН [ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ](#)
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006948 (KFUSb2) облигациясын жылдық 10,9000% -бен орналастырып, 4,8 млрд теңге [қаржы тартты](#)
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006955 (KFUSb3) облигациясын жылдық 11,2500% -бен орналастырып, 6,3 млрд теңге [қаржы тартты](#)
- ▲ [АНОНС](#): 06 қазанда "Қазақстан Халық жинақтаушы банкі" АҚ виртуалды форматта Инвесторлар күнін өткізеді.
- ▲ "Баян Сұлу" АҚ KZ1C00000165 (BSUL) жай акциялары бойынша 2019 жылға дивиденд төлегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Ауыл шаруашылығын қолдау қоры" АҚ Moody's Investors Service агенттігі қоғамның рейтингілік бағалауларын "Ваа3" растағаны туралы [хабарлады](#), болжамы "Позитивті"



KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 0,3% өсіп, 2 474,99 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны «Халық банктің» жай акцияларымен жасалды – 623 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell қағаздары – 2,6 млрд теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен 59,5%).

KASE Индексінің акциялары



18.09.2020

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 474,99	0,1	1,1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Freedom Holding Corp.	10 751,0	2,7	22,2
Сбербанк	1 313,0	2,5	-4,9
Газпром	1 062,5	2,0	-5,6
Казхтелелеком	25 899,0	1,6	-2,9
Kcell	2 563,0	1,5	1,5
Народный банк	121,0	0,9	6,6
KEGOC	1 709,9	0,4	0,6
КазТрансОйл	817,0	0,2	2,4
Банк ВТБ	0,2	0,0	-9,1
Банк ЦентрКредит	227,0	-0,2	-0,5
Казхтелелеком, прив. акции	12 400,0	-0,4	1,4
НАК Казатомпром	6 261,1	-0,9	4,4
Bank of America Corporation	10 923,0	-1,5	1,5
KAZ Minerals	3 002,0	-1,8	3,5
Аэрофлот	461,8	-2,8	-4,5


Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Индекстік қоржыны өкілдерінің сегізінің бесеуінің өсімі есебінен қор нарығының оқшауланған индикаторы апта қорытындысы бойынша плюспен жабылды. Мұнай баға белгілеулерінің өсуі және теңгенің шет ел валюталарына қатысты нығаюы өкілетті тізім өсуіне қолдау көрсетті. Өсім көшбасшысы Kcell жай акциялары болды, оладың бағасы 1,5% өсіп, 2 563,00 теңгені құрады. Лондон қор биржасында (LSE) компания ЖДҚ KASE сауда-саттық жабылу сәтінде \$5,98 деңгейінде болды, ол Ұлттық банктің 18 қыркүйектегі ресми бағамы бойынша 2 528,94 теңге балама.

Жұма күні KASE ұйымдастырған онлайн кездесуде, «KEGOC» АҚ қаржы директоры Айбек Ботабеков 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында бір қарапайым акцияға 77,09 теңге есебінен компания 20 млрд теңге көлемінде дивиденд төлеуге жұмсауды көздеп отыр. 2020 жылдың қаңтар-маусым айларында KEGOC шоғырландырылған таза табысы 28,6 млрд теңгені құрады. KEGOC жай акциялары бір аптада 0,1% қосып, 1 709,89 теңгені құрады.

Сондай-ақ, осы аптада «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылдың 11 қыркүйегіне ауыстырылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы кворум болмағандықтан, өткізілген жоқ. Осының алдында жиналыстың 07 қыркүйектен 11 қыркүйекке кворум болмағандықтан, ауыстырылғаны туралы ескертеміз. Телекоммуникациялық компания акциялары 0,4% өсіп, 25 899,00 теңгені құрады.

Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 62 б.н. артып, жылдық 8,62% деңгейін құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 34 б.н артып, жылдық 8,44% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 132,8 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -3,9%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Repo-1д Своп-1Д




Основные параметры размещения нот НБРК

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі






Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 5,53 теңгеге нығайып, 420,76 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі \$584,6 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -10,0%). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 2 146 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке - 746) құрады. Максималды бағасы бір долларға 420,60 теңге, минималды – 420,50 теңге.

Теңге АҚШ долларына қатысты KASE саудаланатын барлық шет елдік валютаға қатысты мұнай бағасының өсуіне орай нығайды. Мұнай бағасына негізгі қолдау көрсеткен Америка мұнай институтының (API) күнделікті мәліметтерді жариялауы, мәліметтерге сәйкес Құрама штаттағы мұнай қоры өткен аптада 9,5 млн баррельге төмендеді. Сонымен қатар, Алабама штатының жағалауындағы (АҚШ) дауылдың себебінен Мексика бұғазындағы мұнай өндіру қуатының 30% жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Brent мұнайының қараша айындағы фьючерсі бір баррельге \$43,15 құрады, бір аптада 8,3% қымбаттады. Сонымен, ОПЕК және Халықаралық энергетикалық агенттігі (ХЭА) энергия тасымалдаушыларға сұраным перспективасына қатысты өзінің болжамын төмендетті.

Ресей рублінің құны 0,0522 теңгеге дейін төмендеп, 5,6278 теңгені құрады. Еуро теңгеге қатысты 4,52 теңгеге арзандап, 499,50 теңгені құрады. Қытай юаны 0,0378 теңгеге арзандап, 62,3467 теңгені құрады.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.20)




Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2020, %

GBPKZT	548,59	-1,0	-0,4	9,7
USDKZT	422,90	-0,65	1,1	10,9
EURKZT	498,90	-1,0	0,27	16,9
CNYKZT	62,48	0,4	3,4	14,5
RUBKZT	5,64	-0,2	-1,2	-8,6

Brent мұнай құны

75 USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

18.09.2020

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	3 319,47	-1,9	-1,6	10,4	-0,2	Мұнай	43,15	8,9	-4,9	-33,0
Dow Jones	27 657,42	-1,2	-0,1	2,1	0,4		41,11	10,3	-4,2	-29,3
PTC	1 228,64	0,0	-6,7	-10,8	-1,0	Табиғи газ	2,05	-11,3	-15,6	-19,3
MMBB	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-1,0	Мыс	311,35	1,5	3,0	20,2
Hang Seng	24 455,41	-0,8	-2,9	-7,6	0,0	Темір	915,50	-2,9	0,0	15,1
SS CSI 300	4 737,09	1,8	-0,1	20,7	2,3	Алтын	1 950,86	-0,3	1,1	30,1
Euro Stoxx 50	3 283,69	-1,0	-1,0	-7,6	-1,2	Күміс	27,03	-0,7	-1,1	52,1
FTSEuroFirst	3 646,50	0,6	-0,5	-14,0	-0,7	Астық	575,00	4,8	12,3	17,8
FTSE 100	6 007,05	-0,3	-1,7	-18,3	-0,9					
KASE	2 474,99	0,1	1,1	13,2						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

21.09	ІЖӨ (айлық) (ж/ж)	RUB		-4,7%
22.09	Қайталама нарықта үйді сату (тамыз)	USD	6,00M	5,86M
23.09	Германия өндірістік секторындағы (PMI) іскерлік белсенділік индексі (қыркүйек)	EUR	52,5	52,2
23.09	Өндірістік сектордағы (PMI) іскерлік белсенділік индексі	GBP		55,2
23.09	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі	GBP		55,8
23.09	Шикі мұнай қоры	USD		4,389M
24.09	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінім саны	USD	845K	860K

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,0%	01.09.20	5,3 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

BBB- тұрақты

27.03.20

BBB- тұрақты

MOODY'S

Вaa3 позитивті

22.08.19

Вaa3 тұрақты

FitchRatings

BBB тұрақты

21.08.20

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.